

Мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу және Ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қазандағы N 1075 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 қарашадағы N 1124 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 қарашадағы N 1124 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңының 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу және Ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін жүргізу ережесі бекітілсін.

2. "Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстардың мемлекеттік тіркелімін жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 23 қазандағы N 1351 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 36-37, 469-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 9

қ а з а н д а ғ ы

N

1 0 7 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу және Ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін жүргізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу және Ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан

Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес ә з і р л е н д і .

Ереже Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының мемлекеттік ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін (бұдан әрі - ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер) тіркеу тәртібін және Ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін (бұдан әрі - Мемлекеттік тіркелім) жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді Мемлекеттік тіркелімде тіркеу мынадай мақсаттарда жүзеге асырылады:

ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы ақпаратты ж ү й е л е н д і р у ;

Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларын Мемлекеттік тіркелімдегі ақпараттар туралы хабардар ету;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын ақпараттық қамтамасыз е т у ;

ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді біріктіруді, сондай-ақ, ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер арасындағы деректер алмасуды ұйымдастыру үшін ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді әзірлеушілерге ақпараттарды ұсыну.

3. Ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы мәліметтер міндетті түрде Мемлекеттік тіркелімде тіркеуге жатады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қол жетімділігі шектеулі ақпаратты құрайтын ақпараттық ресурстар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтау және пайдалану шарттарын сақтай от ы р ы п т і р к е л у і т и і с .

5. Мемлекеттік тіркелімнің жүргізілуін техникалық қамтамасыз етуді ақпараттандыру саласындағы Ұлттық оператор (бұдан әрі - Ұлттық оператор) ж ү з е г е а с ы р а д ы .

6. Ұлттық оператор жеке және заңды тұлғалардың жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттық ресурстарға қол жеткізуі үшін, олардың ақпараттық қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында техникалық жағдайларды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

7. Ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу және тіркеу туралы куәліктер беру мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу

8. Ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеуді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

9. Ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді иеленуші (бұдан әрі - өтінім беруші) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша жіберетін ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу туралы өтінімнің (бұдан әрі - тіркеу өтінімі) негізінде жүзеге асырылады.

10. Тіркеуден өту кезінде өтінім беруші уәкілетті органға тіркеу өтінімінің түпнұсқасын және тиісті көшірмелерін қағаз және электронды тасымалдаушылармен ұсынады. Тіркеу өтініміне өтінім беруші қол қояды және к у ә л а н д ы р а д ы .

11. Уәкілетті орган тіркеу өтінімдерін алған күнінен бастап он бес күн мерзімде олардың толықтығын және дұрыс толтырылуын тексереді.

12. Тіркеу өтінімдері тиісінше ресімделген жағдайда уәкілетті орган өтінім берушінің ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін тіркейді және т і р к е у н ө м і р і н б е р е д і .

13. Уәкілетті орган Мемлекеттік тіркелімге мәліметтерді енгізу үшін тіркелген сәттен бастап үш күн мерзімде тіркеу өтінімдерінің көшірмелерін Ұлттық операторға жібереді. Ұлттық оператор бес күн мерзімде ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы тиісті мәліметтерді Мемлекеттік т і р к е л і м г е е н г і з е д і .

14. Уәкілетті орган ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді Мемлекеттік тіркелімде тіркеген сәттен бастап он бес күн мерзімде өтінім берушіге т і р к е у т у р а л ы к у ә л і к б е р е д і .

15. Тіркеу өтінімдері тиісінше ресімделмеген жағдайда, уәкілетті орган тіркеу өтінімдерін алған сәттен бастап бес күн мерзімде осы тіркеу өтінімдерін қайтару себебін көрсете отырып, өтініш берушіге қайтарады.

16. Өтінім беруші қайтарылған тіркеу өтінімдерін алған сәттен бастап ескертулерді түзейді және уәкілетті органға тіркеу үшін заңнамада белгіленген тәртіппен оларды енгізуге құқығы бар.

17. Өтінім берушінің тіркеу өтінімдерін қайта қарау осы Ереженің 11, 12, 13, 14-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

18. Ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу кезінде уәкілетті орган өтінім берушіден тіркеу деректерінің құрамын немесе мазмұнын анықтауға қажетті ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы қосымша а қ п а р а т т ы с ұ р а т а а л а д ы .

19. Тіркеуге қажетті ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы қосымша ақпаратты беру туралы сұрау салуды алған кезде, өтінім беруші тиісті сұрау салуды алған сәттен бастап он күн мерзімде толымды жауап ұсынады.

3. Мемлекеттік тіркелімді жүргізу

20. Мемлекеттік тіркелімді жүргізуді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті
о р г а н ж ү з е г е а с ы р а д ы .

21. Мемлекеттік тіркелімді жүргізуге Мемлекеттік тіркелімге ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы мәліметтерді, Мемлекеттік тіркелімдегі осы мәліметтерді кейіннен жаңарта отырып енгізу кіреді.

22. Тіркелген ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің иесі жыл сайын 30 наурыздан кешіктірмей уәкілетті органға ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің толық жаңартылған сипаттамасын (тіркеу өтінімінің бекітілген нысандары бойынша), не ақпараттық ресурсты немесе ақпараттық жүйені пайдалануды тоқтатқан жағдайда, пайдалануды тоқтату себебін дәлелді түрде жаза отырып ресми хабар береді.

23. Мемлекеттік тіркелімге ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы жаңартылған мәліметтерді енгізу ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу үшін белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

24. Белгіленген мерзімде жаңартылған өтінім немесе ақпараттық ресурсты немесе ақпараттық жүйені пайдаланудың тоқтатылғаны туралы хабарлама ұсынылмаған жағдайда, уәкілетті орган оның иесіне мәліметтерді жаңарту қажеттігі туралы тиісті ресми сұрау салуды жібереді.

25. Уәкілетті орган ақпараттық ресурсты немесе ақпараттық жүйені пайдалану тоқтатылғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін бес күн мерзімде осы ақпараттық ресурсты немесе ақпараттық жүйені тіркеу туралы куәлікті кері қайтарып алуды жүзеге асырады және он күн мерзімде Ұлттық оператор Мемлекеттік тіркелімге тиісті өзгерістерді енгізуді қамтамасыз етеді.

26. Интернет желісінің "Қазақстан Республикасы Ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің мемлекеттік тіркелімі" Web-сайтында орналасқан, қол жетімділігі шектелген ақпарат жоқ бөлігінде, ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы мемлекеттік тіркелімнің мәліметтері жалпыға қол жетімді болып табылады.